

**Бөгетсай мектеп-гимназиясы бойынша педагог- психологтың 2023-2024 оқу жылында
жүргізген жұмыстарының жылдық есебі.**

Педагог-психолог: Исакова Айгул Саматқызы

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру. Білім алушылардың табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру.

Міндеттері:

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау

Бөгетсай мектеп-гимназиядағы психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

Психологиялық зерттеу

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық түзету- дамыту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

Психологиялық ағарту

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.

2023-2024 оқу жылында Бөгетсай мектеп-гимназиясы бойынша қыркүйек айында педагогикалық-психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Қыркүйек айында мектеп оқушыларының тұлғааралық ерекшелігін анықтау, қауіпті топқа жататын оқушыларды анықтау үшін алғашқы жұмыс диагностикалаудан басталды. Психодиагностика бағыты бойынша **1 класс оқушыларына** оқу-әрекеті алғышарттарының деңгейін, қол моторикасының даму деңгейін анықтау, баланың мектепке жалпы дайындығын анықтау барысында **«Керн-Йерасек»** әдістемесі жүргізілген болатын. Нәтижесінде 1а, 1ә класс оқушыларының мектепалды дайындық дәрежесі қалыпты деңгейде, балалардың танымдық процестері жақсы дамыған, олардың психологиялық дамуы жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Тек 1ә сынып оқушы Серікұлы Нұрасылдың мектепалды дайындық дәрежесі төмен, психологиялық дамуы жас ерекшелігіне сәйкес келмейді.

Қыркүйек айының екінші аптасында 1 класс оқушыларының мұғаліммен, бір-бірімен қарым-қатынасын анықтауға және оқушының сыныпқа бейімделуін анықтау мақсатында **«Менің класым»** жобалау әдістемесі алынды. Нәтижесінде оқушылардың сынып ұжымына бейімделуі жақсы деңгейде, бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі және көпшілікке қосыла алатындығы анықталды. Әйтесе де 1 ә сыныбында бір оқушының бейімделуінде аса қиындықтар бар, көп жеке жұмыс жасауды қажет етеді. Сынып жетекшісіне ескертіліп, диагностика қорытындысымен таныстырылды.




Сонымен қатар 5 сынып оқушыларынан **«Менің класым»** жобалау әдісі алынды. Мақсаты; оқушылардың мұғаліммен, бір-бірімен қарым-қатынасын анықтауға және оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау болатын. Нәтижесінде оқушылардың сынып ұжымына бейімделуі жақсы деңгейде, бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі және сынып ұйымшыл өзіндік пікірлері жоғары, көпшілікке қосыла алатындығы анықталды.

Қыркүйек айында 5 сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканованың **«Мектептік мотивация»** әдістемесі алынды. Әдістеме нәтижесі бойынша қатысқан оқушылардың жартысы орташа деңгейді көрсетті, яғни оқушылардың мектепке қатынасы оң; оқу материалдарын түсінеді; бағдарламаның негізгілерін меңгереді; тапсырмаларды өз бетінше орындайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; бірақ бақылауды талап етеді; сабаққа қызығушылықпен дайындалады; кластағы көп оқушылармен достық қарым-қатынас жасайды. Ал оқушылардың жартысы жоғары деңгей, яғни оқушылардың мектепке қатынасы оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды; оқу материалдарын оңай меңгереді; мәліметтерді толық игерген; мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдайды; тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды; өзіндік жұмысқа, барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; класта жоғары мәртебеге ие.

1а, 1ә, 5- сыныптарының бейімделу көрсеткіші

№	Сынып тар	Оқушы саны	Қатысқан	Жоғары	%	Орташа	%	Төмен	%
1.	1 «А»	18	18	13	72	5	28	-	-
2.	1 «Ә»	17	17	14	82	2	12	1	6
3.	5	25	25	22	88	3	12	-	-

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 3-ші аптасында жоспарға сай 1а, 1ә сынып оқушыларының психомоторикасын дамытуға арналған ойын, жаттығулар өткізілді. Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейлерін анықтап алған соң, оқу іс әрекетіне белсене қатысып үлгерімдері жақсы болу мақсатында зейіндерін жақсарту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.



Қыркүйек айының соңғы аптасында сынып оқушыларынан оқу пәніне деген қарым- қатынасы мен қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама алынды.

Қазан айында жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында - деңгейдегі қиындықтары мен агрессиясы бар оқушы анықталған жоқ.



8-11 сынып оқушыларынан қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында ДАСС сауалнамасы алынды. Диагностика қорытындысы бойынша жоғары деңгейде стресс, депрессия , мазасыздығы бар оқушы анықталған жоқ. Тек 11 сынып оқушыларының бойында ҰБТ ға байланысты аздаған қобалжу мен қорқыныш бар. Оқушыларға топтық және жеке психологиялық консультация берілді.



Екінші тоқсанның басында психодиагностика бағыты бойынша 8-11 сынып оқушыларынан «Зорлық- зомбылық туралы не ойлаймын» тақырыбында сауалнама алынды. Зерттеу мақсаты: жасөспірімдер арасындағы және отбасындағы зорлық- зомбылықтың алдын алу және болдырмау. Сауалнама анонимді түрде алынды, талқылай келе оқушылар зорлық- зомбылық деген сөзді қалай

түсінетіндіктерін және қиын жағдайға тап болған кезде кімнен көмек сұрайтынын, отбасында ата-аналарымен қарым-қатынастары туралы жауап берді. Ата-ана тарапынан жасалатын ескертулер, жазалаулармен келісетіндіктері және ата-ана тарапынан қолдаудың бар екені анықталды. Қараша айында 8-11 сынып оқушыларынан «Құқықбұзушылықтың алдын алу» сауалнамасы алынды. Зерттеу мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау. Зерттеу нәтижесінде оқушылар жастар арасында құқықбұзушылықты азайту әдісінің тиімді түрлерін көрсетіп, өздерінің құқығы тапталған жағдайда кімнен, қайдан көмек сұрайтындарын, оқушылар өздерінің балалық шақтарының қызықты өтіп жатқанын, бос уақытта сүйікті ісімен айналысатынын да атап көрсетті.

Сауалнама хаттамасымен аталған сыныптардың жетекшілерін таныстырып, көбірек қадағалап, бақылауда ұстауға ұсыныс жасалды.



II-ші жартыжылдықты 6-11 сынып оқушыларынан Басса Дарки сауалнамасын алудан бастадым. Сауалнама қорытындысы бойынша қатысқан барлық сынып оқушыларынан қастандық индексі және агрессия индексі бойынша нормадан жоғары деңгейді көрсеткен оқушы анықталмады. Дегенмен 9-сыныптың бір оқушысы өз сұранысы бойынша жеке сұхбатқа келді. Сұхбат барысында оқушы өз сыныбындағы кейбір ер балалармен жиі сөзге келіп қала беретіні анықталды. Оқушыға жеке психологиялық консультация беріліп, сынып жетекшісіне ескертіліп, ұсыныс жасалды. Қаңтар айында кәсіби бағдар кабинетінің ұйымдастыруымен өткен «Кәсіптік бағдар- болашаққа жол» атты онкүндігінің жоспарына сай 9-11 сынып оқушыларынан Профиль сауалнамасы алынды. Аталған сауалнама мақсаты оқушының қай салаға бейім екендігін анықтау. Оқушылар сауалнаманы орындап өздерінің қай салаға бейім екендіктерімен танысты.



Ақпан айында 5-7 сынып оқушыларынан Р.Гудман сауалнамасы алынды. Сауалнама мақсаты: орта буын оқушыларының бойындағы күшті жақтары мен әлсіз жақтарын, қиындықтарын және мінез құлық ерекшеліктерін анықтау. 5-ші сынып бойынша 17 оқушы қатысты, ал 7-еуі сауықтыру орталығына демалуға кетуіне байланысты қатыса алмады. Сауалнама нәтижесінде әлеуметтік шкала бойынша барлық оқушыда қалыпты деңгей, гипербелсенділік шкаласы бойынша 2 оқушыда (Жанғожаева. М. Тәңірберген. Б) шекаралы (орташа) деңгей, эмоция шкаласы бойынша 1 оқушыда (Тәңірберген. Б) шекаралы деңгей, тәртіп шкаласы барлығы қалыпты деңгей және қарым-қатынас шкаласы бойынша 1 оқушыда (Жанғожаева. М) ауытқу деңгейін көрсетті.



Кәсіби бағдар беру бойынша 11 сынып оқушыларының жеке бейімділіктерін анықтау мақсатында «Гарднердің көптік зият теориясы» сауалнамасы алынып, қорытындысымен оқушылар таныстырылды.


Ақпан айында 4 сынып оқушыларынан жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану мақсатында «Кактус» проективті әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша әрбір оқушының жеке мінез құлық ерекшеліктері анықталып, сынып жетекшіге таныстырылды.

Ақпан айының 3-ші аптасында 8-11 сынып оқушыларынан «Буллингтің алдын алу» сауалнамасы алынды. Сауалнама мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, буллингтің алдын алу. Сауалнама барлық сынып оқушылар түгел қатысты, нәтижесін қорытындылай келе 6 оқушысы буллинг туралы білмейтіндігі, ешқандай оқушы қорқытудың, қорлаудың қатысушысы болмағандығы анықталды. Жалпы оқушылар қорлау, қорқыту көбіне мектепте және көшеде, аулада деп ойлайды. Ал білім беру ұйымдарында қорқытуды көбіне ата- аналар, ал 2 оқушы оқушылар деп ойлайтындығы анықталды. Және ешқандай оқушы қорқытып, қорлаудың қатысушысы болмағаны анықталды.




Наурыз айында 8-11 сынып оқушыларынан ДАСС сауалнамасы алынды. Сауалнамасы мақсаты: Жоғарғы буын оқушыларының бойындағы стресс, мазасыздық, депрессия, үрей деңгейін анықтау және жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу. Сауалнамаға барлық сынып оқушылары толық қатысты. Сауалнама барысында оқушыларға 21 сұрақ берілді. Оқушылардың сұраққа жауап беру нәтижесінде барлық оқушылардың бойынан мазасыздықтың жоғарғы деңгейі анықталған жоқ, тұрақты, бір қалыпты.


Сәуір айында мектеп алды даярлық тобы оқушыларынан Керн-Йерасек тесті алынды. Мақсаты: мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау. Баланың қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Диагностиканы қорытындылай келе оқушылардың дайындық дәрежесі қалыпты деңгейде, балалардың танымдық процестері жақсы дамыған, олардың психологиялық дамуы жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Топта ерекше білімді қажет ететін екі оқушы оқиды, аталған оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



Психологиялық түзету -дамыту бағыты бойынша мектепке жаңадан келген оқушыларды тану және класқа бейімделуін , бір- бірімен табысып, араласып кетуін қадағалау мақсатында басқа оқу орнынан ауысып келген оқушылармен жеке жұмыс жасалды. Және жыл бойы ерекше білімді қажет ететін, үйден оқитын оқушылармен педагогикалық- психологиялық қолдау мақсатында жеке түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді. . Әр тоқсан сайын оқушылардың даму деңгейін бағалап, әр ай сайын баланың даму деңгейін зерттеу динамикасы толтырылып отырды. Алынған динамика қорытындысымен сынып жетекшісімен пән мұғалімдері таныстырылды.



5 сынып оқушыларына түзету- дамыту бағыты бойынша «Құпия Дос» акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бір-бірімен қарым- қатынасын жақсарту, ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке үйрету.



2023-2024 оқу жылында үйден оқитын оқушы Қазтуған Назыммен жеке бағдарлама бойынша жоспарға сәйкес түзету сабақтары уақытылы өткізілді.



Қазан айында профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша қыз балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қыздар онкүндігіне арналған «Мұны әр қыз бала білуі тиіс...» тақырыбында сыр-сұхбат өткізілді. Сұхбат барысында оқушыларға кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің зияны, жалпы ерте жүктіліктің алдын алу шараларымен ақпараттандырылды.



Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша қазан айында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің 15.09.2023 жылғы №678/1-н/к бұйрығы, Бөгетсай мектеп-гимназиясы директорының 02.10.2023 жылғы №70/2 н/к бұйрығы негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Бұйрық негізінде ата-аналарды педагогикалық қолдау бұрышы ашылды.



Қазан айында профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша «Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау» орталығы бағдарламасының жоспарына сәйкес «Отбасы-бақыт бесігі» тақырыбында бастауыш буын оқушыларының ата-аналарына арналған семинар-

тренинг өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл- ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.



Қараша айының басында профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне жасалған жұмыстарды қорытындылау мақсатында педконсилиум өткізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жалпы сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі жақсы деңгейде, яғни өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы. Кейбір балалар мұғаліммен бірге, яғни бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігін көрсетіп тұр. Тек бір бала өзінің мінез- құлқындағы ерекшелігімен сыныптастарымен қарым- қатынасында қиындықтары бар екені анықталды.



Қараша айында профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша «Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау» орталығы бағдарламасының жоспарына сәйкес «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында орта буын оқушыларының ата-аналарына арналған тренинг сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-ананың педагогикалық мәдениетін дамыту.



Желтоқсан айында профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша әйелдерге қатысты зорлық- зомбылықты жою үшін халықаралық күрес күніне орай «Зорлық- зомбылықсыз 16 күн» акциясы шеңберінде 5-11 сынып оқушыларына мектеп жағдайындағы физикалық зорлық- зомбылық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушыларды мазалайтын мәселелер бойынша пікірталас жүргізді. Жұмыстың мақсаты: зорлық-зомбылықтың түрлерімен, тұрмыстық және мектептегі физикалық зорлық-зомбылықтың алдын алу . Қазақстанда салауатты өмір салтына, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі- бала құқығын қорғау, зорлық- зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.



2023-2024 оқу жылының қаңтар айында Бөгетсай мектеп- гимназиясында «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының аясында 5 сынып оқушыларына алдын алу бағыты бойынша жоспарға сай «Құпия дос» ойыны ұйымдастырылды.. «Құпия дос» ойынының басты мақсаты – бір-біріне қуаныш сыйлау, балалардың ой-өрісін кеңейту, бір-бірін сыйлауға, тыңдауға, ұжымды бірлесе жұмыс жасай алуға үйрету, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар 7 сынып оқушыларына «Достық әлемі» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді. Тренингтің мақсаты: оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Міндеті: адам қарым – қатынасындағы достық ұғымы туралы түсінік беру; оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету; оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайлыққа, адалдыққа, тәрбиелеу.



Қаңтар айында кәсіби бағдар кабинетінің ұйымдастыруымен өткен «Кәсіптік бағдар- болашаққа жол» атты онкүндігінің жоспарына сай 9-11 сынып оқушыларына «Мамандықты дұрыс таңдай білейік» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.



Қаңтар айында психопрофилактика және ағарту бағыты бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабағы өтті. Сабақтың мақсаты: интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру. Интернетке тәуелділіктің, кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша ата-аналардың қызығушылығын арттыру. Ата-аналардың қауіпсіздік мәселелері, ықтимал және интернет қауіптерінен қорғану жолдары туралы түсініктерін кеңейту. Ата-аналардың өздерін және жасөспірімді медиакөңістікте қорғануға үйрету.



Ақпан айында мектеп-гимназия бойынша сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жоспарлы отырысы болды. Күн тәртібінде мектеп- гимназия әлеуметтік педагогы Хасенова Г.Р. Отбасындағы қарым- қатынас және оның бала тұлғасына ықпалы тақырыбында баяндама оқыды. Онда отбасындағы қарым- қатынас түрлеріне, отбасы ережелеріне, баланы тәрбиелеу әдістеріне тоқталды. ДТТЖО А.С.Ергазина сынып жетекшілердің іс- құжаттарына талдау жасап, талаптарымен таныстырды. Және педагог- психолог Искакова .А.С. «Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу» тақырыбында 5-11 сыныптар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысымен таныстырып, сынып жетекшілерге жұмыс барысына бағыт бағдар берді.



Ақпан айында 8-11 класс оқушыларына арналған «Буллинг дегеніміз не?» және «Кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында ақпараттандыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Оқушыларды сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. Бұл іс- шараға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог қатысты.



Сәуір айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабағы өтті. Мақсаты: ата-аналардың отбасы бақыты мен ұрпақтар сабақтастығының негізі ретінде отбасылық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру.



2023-2024 оқу жылының сәуір айында Бөгетсай мектеп- гимназиясында «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойла» тақырыбында мектептің «Сырласу» қыз балалар клубының отырысы өтті. Отырыс барысында қыз бала денсаулығы және ерте жүктіліктің алдын алу, қыз бала тәрбиесі, сән және стиль, макияждың сырлары тақырыптары төңірегінде ашық әңгіме жүргізіліп, психологиялық тренинг өткізілді. Қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу жолдарына кеңестер берілді.



Сәуір айында 11 сынып оқушыларына ҰБТ алдындағы қобалжуды, стрессті, уайымдау күйлерін босаңсытуды үйрету мақсатында «Баланс шеңбері» тақырыбында психологиялық консультация берілді. Сонымен қатар оқушыларды жеке шақырып сұхбаттасып, кеңес берілді. Алынған диагностикалардың қорытындысымен және сұраныс бойынша қажеттілігіне қарай оқушылармен және ата –аналарға, педагогтерге жеке сұхбат жүргізіп, кеңес берілді.



Мамыр айында педагогтарға « Күйзеліс және оны болдырмау жолдары» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: мұғалімдерге күйзеліске теориялық тұрғыда ақпарат беріп,оны бейтараптандырумен шешу жолдарын көрсету және меңгерту.



Психоконсультация бағыты бойынша психологтың өзіндік жұмысы және ата-анамен педагогтердің сұранысы бойынша жеке және топтық консультация берілді. Жыл бойына психологиялық қызмет бойынша барлығы жеке-38, топтық- 1 консультация берілді. Оның ішінде оқушыларға -24, ата- аналарға-8 және педагогтерге- 7 .

Бөгетсай мектеп-гимназиясында «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. «Сенім телефоны» номері 47-0-30, жыл бойына Сенім жәшігіне екі хат, сенім телефонына жыл бойына қоңырау шалынбады. Барлық сұрақтарға дер кезінде жауап беріліп, сенім жәшігінің журналына тіркелді. Сұрақтар ҰБТ-ға және достық қарым қатынасқа байланысты болды. Мектепшілік іс- шараларда, жалпы ата- аналар жиналысында, сынып сағаттарында мектебіміздің «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» туралы үнемі ақпарат беріліп отырды.

2023-2024 оқу жылында жұмыстардың қорытындысын облыстық ғылыми тәжірибелік орталықтың жанынан ашылған психологиялық қолдау бөлімінің <https://mindlog.kz> сайтындағы электронды журналына барлық жасалған жұмыстар уақытылы тіркеліп отырды.

Электронды журнал бойынша:

Психодиагностикалық жұмыстар – 44

Психопрофилактика және ағартушылық жұмыс-24

Психокоррекциялық жұмыстар-9

Психоконсультация-24

Бөгетсай мектеп- гимназиясында педагогикалық психологиялық қолдау жұмысының әр тоқсан сайынғы есебін Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскеріне жіберіп отырдым. Жалпы жылдық жұмысты қорытындылай келе алдағы жұмыс жоспарына

Ұсыныс:

- Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушыларға ерекше көңіл аударып, жекеше жұмыстарды жандандырып, педагогикалық-психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету.
- Ата-аналардың өз балаларына деген сенімділігі мен қарым-қатынасының төменгі көрсеткішін жоғарлату мақсатында өткізілген іс- шараларға толық жауапкершілікпен қатысу.
- Сынып жетекшілер сынып оқушыларымен тығыз байланыста болып, үнемі көңіл- күйлерін бақылап, бір-бірімен қарым- қатынастарын назарда ұстау. Сыныпта қарым- қатынасқа байланысты тәрбие сағаттарын көбірек өткізу.
- Мобильді топ жұмысын жүйелендіру
- Пән мұғалімдері сабақ үстінде, сабақ барысында оқушылармен қарым- қатынас жасау кезінде педагогикалық әдепті қатаң сақтау, оқушының жеке мінез-құлқын ескеру. Күнделікті көңіл- күйлерін назарда ұстау.
- Педагогтармен ағартушылық жұмыстарды жандандырып, психологиялық қолдау көрсету.

